

Мектеп алды тобы

Мерекелік іс-шаралар: "Тәуелсіз елім-Қазақстаным"

САЛТАНАТТЫ ЖИЫННЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: "Тәуелсіз елім-Қазақстаным"

САЛТАНАТТЫ ЖИЫННЫҢ МАҚСАТЫ: "Балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру; Ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту; Тәуелсіздік күні туралы мағлұмат беру; Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында түсіндіру.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, желтоқсан құрбаны-Қайрат Рысқұлбековтің портреті, желтоқсан оқиғасына байланысты суреттер, "Көк тудың желбірегені" әні.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты жалаушалар.

САЛТАНАТТЫ ЖИЫННЫҢ БАРЫСЫ

КІРІСПЕ БӨЛІМІ

Педагог:

- Біз тәуелсіз елдің түлегі болғанымызға шексіз қуанамыз. Біздің Отанымызды әлем таныды. Осы сәтте Отан туралы еріксіз ойға берілесің. Бұл ұғымның аясы кең. Отан-далаң, орман, тауың, ауылың мен астанаң. Отан әр жұмыр басты пенденің киелі мекені, жер басып жүрген әр тірлішік иесінің шексіз байлығы. Тәй-тәй басқан нәресте де, еңкейген қария да оның бір мүшесі. ҚР әнұраны.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Педагог:

- Қазіргі кезде сендер ашық аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырсыңдар. Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар. Ал, 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады. 16 желтоқсанда қазақ жастары Орталық алаңға шығып, Қазақ тәуелсіздігін талап етті.



Бұл күн-Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әрппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан бүкіл халықтық мереке.

- Балалар, біз осы тәуелсіздікке оңайлықпен қол жеткізген жоқпыз. Оның бір көрінісі желтоқсан оқиғасы. Желтоқсан оқиғасында ерен ерлігімен көзге түскендер өте көп, солардың бірі- Қайрат Рысқұлбеков.



- Ол қыршын жасын қиды. Оған үлкен айып тағылды. Желтоқсан көтерілісінің бас құрбаны болған Қайрат Рысқұлбеков ағамыз еліміз егемендік алғаннан кейін толықтай ақталды. Оған «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Балалардың тақпақтары.

Педагог:

- 1986 жылы Алматының бас алаңына жастар жаман оймен бармаған. Олар

бейбіт жолмен тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қатысқан. Енді міне, осы желтоқсан көтерілісіне қатысқан ағаларымыз бен апайларымыздың арқасында ата-балаларымыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік.

- Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар.



ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы оқып, үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, Қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар.

Ән "Көк тудың желбірегені".

Педагог әр баланың қолына жалауша береді.















